Мазмұны

Орнату, 14-15

Орамасынан шығару және тегістеу
Су құбырына және электр желісіне қосу
Кір жуудың бірінші циклі
Техникалық сипаттамалары

Техникалық қызмет көрсету және күтім жасау, 16

Су мен электр қуатын өшіру
Кір жуғыш машинаға күтім жасау
Жуғыш құралдарды бөлгішке күтім жасау
Машина есігіне және барабанға күтім жасау
Насосқа күтім жасау
Су құйғыш шлангіні тексеру

Сақтандырулар мен ұсыныстар, 17

Қауіпсіздікке қойылатын жалпы талаптар
Утильдеу
Сақтау және тасымалдау шарттары

EWUC 4105

Кір жуғыш машинаның және программаларды іске қосу тәртібінің сипаттамасы, 18-19

Басқару панелі
Индикаторлар
Программаларды іске қосу тәртібі

Программалар, 20

Программалар кестесі
Күнделікті жылдам циклдер

Персонализацияланған бейімдеулер, 21

Температуралы реттеу
Сығу реттеу
Қосымша функциялар

Жуғыш құралдар және кір бұйымдар типтері, 22

Жуғыш құралдарды бөлгіш
Кір бұйымдарды дайындау
Абайлап жууды талап ететін бұйымдар
Кір бұйымдарды теңестіру жүйесі

Ақауларды іздеу және оларды жою тәсілдері, 23

Сервистік қызмет көрсету, 24



Орнату


KZ

- ! Бұл нұсқаулықты сақтаңыз. Ол кір жуғыш машинаны сатып алған, берген немесе жаңа пәтерге көшкен жағдайларда жабдықпен бірге болуы қажет, яғни жаңа иесі оның жұмыс істеу және оған қызмет көрсету ережелерімен таныса алатын болуы керек.
! Нұсқаулықты мұқият оқып шығыңыз: онда кір жуғыш машинаны орнату мен пайдалану қауіпсіздігі туралы маңызды мәліметтер берілген.

Орамасынан шығару және тегістеу

Орамасынан шығару

1. Кір жуғыш машинаны орамасынан шығарыңыз.
2. Жабдықтың тасымалдау кезінде бүлінбегеніне көз жеткізіңіз. Бүлінген болса – машинаны қоспаңыз – тез арада жеткізуімен хабарласыңыз.




3. Кір жуғыш машинаның артқы жағында орналасқан төрт тасымалдау винті мен төсемесі бар резеңке тығындарды алып тастаңыз (сур. қара.).

4. Тесіктерді қоса берілген пластик тығындарымен жабыңыз.
5. Барлық бөлшектерін сақтаңыз: олар кір жуғыш машинаны тағы да тасымалдағанда қажет болады.

! Балалардың орама материалдармен ойнауына рұқсат етпеніз.

! Құрылғыны жылжыту немесе еңкейту қажет болса, ішкі құрамдас бөліктер қозғалып кетпеуі үшін бұрандалар, резенке тығырық пен төсем **A** және **B** нүктелерінде қайта бекітілуі тиіс. Одан кейін бұл элементтерді алып тастауды ұмытпаңыз.

Тегістеу



1. Кір жуғыш машинаны тегіс және мықты еденге, ол қабырғаға, жиһазға немесе басқа нәрселерге тимейтіндей етіп, орналастырыңыз.

2. Машинаны орнатқаннан кейін оның алдыңғы аяқтарын бұрау арқылы тұрақтандырыңыз (сур. қара.).


Ол үшін әуелі контргайканы босату керек, бейімдеп болғаннан кейін контргайканы қайтара тартып қойыңыз. Машинаны орнатқаннан кейін корпустың жоғарғы қақпағының тегістік деңгейін тексеріңіз, көлденеңдігінің ауытқуы 2° -тан артық болмауы керек.

Жабдықты дұрыс тегістеп қою шудан, дірілден және машина жұмыс істеп тұрған кезде орнынан қозғалудан арылуға көмектеседі.


Егер кір жуғыш машина кілем төсеген еденде тұрған болса, оның түбінің кілемнен жоғары тұрғандығына көз жеткізіңіз. Керінше жағдайда, желдетілуі қынданайды немесе мұлде тоқтап қалады.

Су құбырына және электр желісіне қосу

Су құйғыш шлангіні қосу



1. А фитингін кіріс түтігінің шетіне салып, түтікті суық су шүмеліне $3/4$ газдық бұранда қосылымын пайдалана отырып бұрап жалғаңыз (суретті қараңыз). Жалғамас бұрын су тап-таза болғанша, оны ағызып алыңыз.



2. Су құйғыш шлангіні кір жуғыш машинаға қосыңыз, ол үшін оны машинаның артында оң жақ жоғарысында орналасқан су қабылдағышқа бұрап қосыңыз (сур. қара.).


3. Шлангінің қатты бұралмағанына және қысылып қалмағанына көз жеткізіңіз.

! Су қысымы Техникалық сипаттамалар кестесінде көрсетілген мәндер шегінде болу керек. (3-бетті қара).


! Егер су құбыры шлангінің ұзындығы жеткіліксіз болса, Авторландырылған қызмет көрсету орталығына хабарласыңыз.

! Бұрын қолданыста болған шлангілерді ешқашан пайдаланбаңыз.

Су ағызғыш шлангінің қосу



Ағыз түтігін майстырмай, еденин 65-100 см жоғары орналасқан ағызу құбырына немесе қабырғадағы канализация құбырына жалғаңыз.



Немесе ағызу түтігін ваннаның шетінен асырып іліп, бағыттауышты (оны техникалық көмек көрсетеу орталығынан сатып алуға болады) шүмекке бекітіңіз (суретті қараңыз). Түтіктің шеті су

астында болмауы тиіс.

! Түтікті ұзартуға қарсымыз; бірақ басқа амалы болмаса, ұзарту түтігінің диаметрі бастапқы түтіктің диаметрімен бірдей болуы және оның ұзындығы 150 см-ден аспауы керек.

Электр желісінен қосу

Құрылғыны розеткаға қоспас бұрын, мына жағдайларға көз жеткізіңіз:

- розетка жерге тұйықталған және қолданыстағы занды ережелерге сәйкес келеді;
- розетка Техникалық деректер кестесінде көрсетілген құрылғының ең жоғарғы қуатына тәзімді (жанындағы ақпаратты қараңыз);
- қуат көзінің кернеуі Техникалық деректер кестесіндегі мәндер ауқымында (жанындағы ақпаратты қараңыз);
- розетка кір жуғыш машинаның айрына сәйкес келеді. Олай болмаса, розетканы немесе айырды ауыстырыңыз.

! Жабық жер болса да, кір жуғыш машинаны сыртта орнатпау қажет. Құрылғыны жаңбыр, боранжәне басқада ауа-райы жағдайларында қалдыру аса қауіпті.

! Кір жуғыш машина орнатылғаннан кейін розеткаға оңай қол жеткізу мүмкін болуы тиіс.

! Бірнеше розеткалар мен ұзартқыш

сымдарын пайдаланбаңыз.

! Сымды майыстыруға немесе оған қысым салуға болмайды.

! Токсымын тек өзінде мамандара ауыстыру туиң.


Ескерту! Осы стандарттар сақталмаған жағдайда, компания жауапты болмайды.

Кір жуудың бірінші циклі

Құрылғы орнатылғаннан кейін және оны алғаш рет пайдаланбас бұрын, 2-жуу циклын қолдана отырып, жуғыш затпен кірлерді салмай-ақ, жуу циклын іске қосыңыз.

Техникалық сипаттамалары

Моделі	EWUC 4105
Көлемі	ені 59,5 см биіктігі 85 см терендігі 33 см
Толтыру	1 - 4 кг
Электрлік параметрлері	машинадағы электрлік параметрлері көрсетілген паспорттық табличканы қараңыз
Гидравликалық параметрлері	max қысым 1 Мпа (10 бар) min қысым 0,05 Мпа (0,5 бар) барабанның көлемі 27 л
Сығу жылдамдығы	1000 мин/айн дейін
EN 60456	
нормативіне	15 бағдарламасы;
сәйкес	температура 60°C;
бакылау	4 кг жүкті қолдана отырып.
программалары	Машина Еуропалық Экономикалық қауымдастықтың мынадай Директиваларына сәйкес келеді: - EMC 2014/30/EU (электромагниттік үйлесімділік) - LVD 2014/35/EU (төмен кернеулі) - 2012/19/EU - (WEEE)




Техникалық қызмет көрсету және күтім жасау

KZ

Су мен электр қуатын өшіру

- Әрбір кір жуудан кейін су құбырының шүмегін жауып қойыңыз. Сонда кір жуғыш машинаның су құбыры жүйесінің тозу қарқындылығы азаяды және су тамшылау ықтималдығы болмайды.
- Машинаны жуар және техникалық қызмет көрсетер алдында ашасын розеткадан шығарыңыз.




2. Сүзгінің қақпағын сағат тіліне қарамақ арасы бұрая отырып, шығарып алыңыз (сур. қара.): насостан шамалы су ағуы мүмкін – бұл қалыпты құбылыс;

Кір жуғыш машинаға күтім жасау

Машинаның сыртқы және резеңке бөлшектерін жылы сабын сумен ылғалдандырылған жұмысақ матамен тазалаңыз. Ерткіштер немесе абразивті тазалау құралдарын пайдаланбаңыз.

Жуғыш құралдарды бөлгішке күтім жасау



Жуғыш құралдарды бөлгішті мезгіл сайын жуып отырыңыз. Бөлгішті шамалы көтеріп, өзінізге қарай тартып шығарыңыз да (сур. қара.), ағын судыңастына жуыңыз. Бұл операция тұрақты жүргізіліп тұруы керек.

3. Сүзгіні ішінен мұқият тазалаңыз;
4. Қақпағын қайтара бұрап жабыңыз;
5. Алдыңғы панельді орнына қойыңыз, барлық ілмектерінің сәйкес тесіктеге кіргеніне алдын ала көз жеткізіп алыңыз.

Су құйғыш шлангіні тексеру

Шлангіні кем дегенде жылына бір рет тексеріп отырыңыз. Кез келген су тамшылау немесе ақау белгілері пайда болған жағдайда, шлангіні тез арада ауыстырыңыз. Машина жұмыс істеп тұрған кезде су қысымымен тұрған ақаулы шланг кенеттен жарылып кетуі мүмкін.

! Бұрын пайдалануда болған шлангілерді ешқашан пайдаланбаңыз.


Люкке және барабанға күтім жасау

- Әрбір кір жуудан кейін барабанда жағымсыз иіс пен көгеру пайда болmas үшін машина есігін жартылай ашық қалдырыңыз.

Насосқа күтім жасау

Кіржүғыш машинаның өздігінен тазаланатын типті су ағызуши насосы бар, ол тазалауды немесе техникалық қызмет көрсетуді талап етпейді. Дегенмен ұсақ заттар (тиындар, түймелер және басқа) насосқа кездейсоқ түсіп кетуі мүмкін.

! Кір жуу циклінің аяқталғанына көз жеткізініз, содан кейін аспапты тоқ желісінен өшіріңіз. «Ұстағышқа» қол жеткізу үшін:



1. Кір жуғыш машинаның алдыңғы панелін бұрағыштың көмегімен ашыңыз (сур. қара.);

Сақтандырулар мен ұсыныстар



KZ

! Кір жуғыш машина қауіпсіздіктің халықаралық нормаларына сәйкес жобаланып, жасалған. Сіздің қауіпсіздігіңіз үшін жасалған мына сақтандырулармен мұқият танысып шығыңыз.

Қауіпсіздікке қойылатын жалпы талаптар

- Машинаны пайдаланып болғаннан кейін оны **міндетті түрде** тоқ желісінен өшіріп, су құбыры шүмегін жабыңыз.
- Бұл бұйым тек қана үйде пайдалануға арналған.
- Кір жуғыш машинаны осы нұсқаулықта берілген нұсқауларды сақтайтын үлкендер ғана пайдалануы керек.
- Бұйымға ылғал қолдармен, жалаң аяқ немесе ылғал киіммен жанаспаңыз.
- Ашаны розеткадан шығару үшін қоректендіруші кабельді тартпаңыз: ашадан ұстаныз.
- Машина жұмыс істеп тұрғанда жуғыш құралдарды бөлгішті ашпаңыз.
- Ағызатын суға тименіз, оның температурасы өте жоғары болуы мүмкін.
- Машина тоқтағаннан кейін оның есігі үш минуттан кейін ашылады. Бұл уақыт аралығында есікгін ашуға тырыспаңыз (сондай-ақ аспап жұмыс істеп тұрғанда!): бұл тосқауыл механизмін зақымдауы мүмкін.
- Қандай жағдайда да ақау пайда болғанда оны жөндеуге әрекет жасап, машинаның ішкі бөлігіне тиіспеніз.
- Балалардың жұмыс істеп тұрған кір жуғыш машинаға жақындауын қадағалаңыз.
- Кір жуу кезінде кір жуғыш машинаның есігі қызып кетуі мүмкін.
- Егер кір жуғыш машинаның орнын ауыстыру керек болса, оны екі-үш адам болып, барынша абайлап жасау керек. Ешқашан да машинаны жалғыз өзініз көтерменіз – аспап өте ауыр.
- Кір жуғыш машинаға кір бұйымдарды салар алдында барабанның бос екеніне көз жеткізіп алыңыз.
- Кір жуғыш машина физикалық, сезімталдық немесе ақыл-ой қабілеті төмен (балаларды қоса алғанда) немесе өмірлік тәжірибесі немесе білімі жоқ адамдардың пайдалануына арналмаған, егер олар бақылауда болмаса немесе олардың қауіпсіздігіне жауап беретін адам аспапты пайдалану туралы нұсқаулық бермесе. Балалар кір жуғыш машинамен ойнамас үшін, қадағалауда болулары керек.

Утильдеу

- Қаптама материалды утильдеу: қаптама материалдарды қайта пайдалану мақсатында жергілікті нормативтерді сақтаңыз.

- Электрондық және электрлік аспаптарды утильдеуге қатысты Еуропалық 2012/19/EU Директивасына сәйкес, электр аспаптары әдеттегі қалалық қалдықпен бірге тасталмауы керек. Қатардан шыққан аспаптар олар жасалған материалдарды оңтайландыру, қайта пайдалану және рекуперациялау үшін, сондай-ақ қоршаған орта мен денсаулық қауіпсіздігі үшін бөлек жиналуы қажет. Барлық аспаптарда көрсетілетін ортасынан сызылған қалдық жәшігі символы оларды жеке утильдеу көректігін еске салу болып табылады. Тұрмыстық электр аспаптарын дұрыс утильдеу туралы толық ақпарат алу үшін пайдаланушылар арнайы мемлекеттік ұйымға немесе дүкенге жүгіне алады.


Сақтау және тасымалдау шарттары

- Буып түйілген кір жуғыш машина табиғи түрде желдетілетін, ылғалдығы 80 %-дан аспайтын жабық жайда сақталуы тиіс. Кір жуғыш машина ұзақ уақыт бойы қолданылмайтын болса және жылтытылатын жайда сақталса, ішіндегі суды толығымен ағызу керек. Тасымалдамас бұрын кір жуғыш машинаның барабанына зақым келмеуі үшін, тасымалдау бұрандаларын машинадағы төлкелерге бекіту керек. Кір жуғыш машина бір орынға мықтап бекітіліп, кез келген жабық көлікпен тік қалыпта (жұмыс істеген кездегі қалпы) тасымалдануы тиіс. Тиеген және түсірғен кезде кір жуғыш машинаға механикалық соққы тигізуге ТЫЙЫМ САЛЫНАДЫ.

Кір жуғыш машинаның және программаларды іске қосу тәртібінің сипаттамасы

KZ

Басқару панелі



Kіr жуғыш құралдарды бөлгіш: кір жуғыш заттар мен қоспаларды салуға арналған (қара.: «Жуғыш құралдар және кір бұйымдар типтері»).

ҚОСУ / ӨШІРУ батырмасы кір жуғыш машинаны қосу және өшіру үшін пайдаланылады.

Программаларды таңдау тұтқасы программаларды таңдау үшін қызмет етеді.

Программа орындалып жатқан кезде тұтқа қозғалыссыз тұрады.

Қосымша **ФУНКЦИЯЛАРДЫҢ** индикаторлары бар батырмалар: қол жеткізуге болатын қосымша функцияларды таңдау үшін қызмет етеді. Таңдалып алынған функция батырмасы қосылып тұрады.

ТЕМПЕРАТУРА реттеуші: температуралы бейімдеу немесе кірді сұық суда жуу үшін қызмет етеді (қара.: «Персонализацияланған бейімдеулер»).

СЫҒУ реттеуші: сығу жылдамдығын таңдау немесе оны тоқтату үшін қызмет етеді («Персонализацияланған бейімдеулер»).

ЦИКЛ/ҚОСУ фазаларын тоқтатып орындау индикаторлары: кір жуу программаларының орындалу кезектілігін көрсетеді.

Қосылып тұрған индикатор ағымдағы фазага сәйкес келеді.

Егер «Кейінге қалдыру» таймері қосылған болса, индикаторлар программалы іске қосуға дейінгі қалған уақытты көрсетеді (бетті бүйірінен қара.).

ЛЮКТІ ТОСҚАУЫЛҒА ҚОЮ индикаторы: люкты ашуға болатын-болмайтындығын көрсетеді (бетті бүйірінен қара.).

ҚОСУ / ПАУЗА индикаторы бар батырма: программалы іске қосу немесе уақытша тоқтату үшін қызмет етеді.

ЕСКЕРТУ: кір жуудың ағымдағы циклін уақытша тоқтату үшін осы батырманы басыңыз. Сәйкес индикатор қызыл-сары түспен жаңып-өше бастайды, ал кір жуудың ағымдағы фазасын көрсететін индикатор бір қалыпты жаңып тұрады. Егер ЛЮКТІ ТОСҚАУЫЛҒА ҚОЮ индикаторы өшсе, люкты аша беруге болады (шамамен 3 минут күтіңіз). Кір жуу циклін тоқтатылған сәттен бастап қайта қосу үшін ҚОСУ / ПАУЗА батырмасын тағы басыңыз.

Күту режимі

Осы кір жуғыш машина, жаңа қуатты үнемдеу ережелеріне сәйкес, ешбір әрекет байқалмаса, шамамен 30 минуттан кейін қосылатын автоматты күту жүйесімен жабдықталған. ҚОСУ-ӨШІРУ түймесін аз уақыт басып, құрылғының іске қосылуын күтіңіз.

Индикаторлар

Индикаторлар пайдаланушыға маңызды мәліметтерді хабарлайды.

Индикаторлардың мәні:

Кейінге қалдыру таймері

Егер «Кейінге қалдыру» функциясы қосылған болса (қара.: «Персонализацияланған бейімдеулер»), программа іске қосылғаннан кейін кейінге қалдырылған уақытқа сәйкес келетін индикатор жаңып-өше бастайды:

- 3ч ○
- 6ч ○
- 9ч ○
- 12ч ○

Уақыт есептелген сайын, сәйкес индикатордың жаңып-өшүімен бірге қалған уақыт көрсетіледі.

- 3ч ○
- 6ч ○
- 9ч ○
- 12ч ○

Көрсетілген уақыт аяқталғаннан кейін берілген программа іске қосылады.

Циклдің ағымдағы фазасының индикаторлары:

Кір жуу циклі таңдалып, іске қосылғаннан кейін индикаторлар программаның орындалу кезектілігін көрсете отырып, бірінен кейін бірі жанады:

- | | |
|--------------|-------|
| Жуу | ○ |
| Шаю | ○ |
| Сығу | ○ |
| Суды ағызу | ○ |
| Циклдің аяғы | ○ END |

Қосымша функциялар

батырмалары және сәйкес индикаторлар Функцияны таңдау кезінде сәйкес батырма жанады. Егер таңдалып алынған функция берілген программамен үйлеспейтін болса, сәйкес индикатор өшіп-жана бастайды да, мұндай функция іске қосылмайды. Егер алдында таңдалып алынған функциямен сәйкес келмейтін функция таңдалса, онда алдыңғы таңдалып алынған функцияның индикаторы өшіп-жана бастайды да, екінші қосымша функция ғана қосылады, қосылған функцияның индикаторы жанады.

Люкті тоқсауылға қою индикаторы:

Жаңып тұрған индикатор абайсызда ашып қалмас үшін люкті тоқсауылда тұрғанын білдіреді. Оны бұзып алмас үшін, люкті ашар алдында индикатордың өшкенін күту керек (3 минуттай күтесіз). Егер люкті цикл іске қосылғаннан кейін ашу керек болса, ҚОСУ / ПАУЗА батырмасын басыңыз. ЛЮКТІ ТОСҚАУЫЛҒА ҚОЮ индикаторы өшкеннен кейін есікті ашуға болады.

Программаны іске қосу тәртібі

1. ҚОСУ / ӨШІРУ батырмасын басып, кір жуғыш машинаны қосыңыз. Барлық индикаторлар бірнеше секундқа қосылып, қайта өshedі, ал ҚОСУ / ПАУЗА индикаторы өшіп-жана бастайды.
2. Кір бұйымдарды салып, машинаның есігін жабыңыз.
3. ПРОГРАММАЛАРДЫ таңдау тұтқасының көмегімен қажетті программаны таңдаңыз.
4. Кір жуу температурасын таңдаңыз (қара.: «Персонализацияланған бейімдеулер»).
5. Сығу жылдамдығын беріңіз (қара.: «Персонализацияланған бейімдеулер»).
6. Бөлгішке жуғыш құралды және қоспаларды (қара.: «Кір жуғыш заттар және кір бұйымдардың типтері»).
7. Қажетті қосымша функцияларды қосыңыз.
8. ҚОСУ / ПАУЗА батырмасын басып, программаны іске қосыңыз, сәйкес индикатор жасыл түспен жанады. Иске қосуды тоқтату үшін ҚОСУ / ПАУЗА батырмасын басып, жаңа циклді таңдаңыз.
9. Программа аяқталғаннан кейін END индикаторы жанады. ЛЮКТІ ТОСҚАУЫЛҒА ҚОЮ индикаторы ғалып өшкеннен кейін люкті ашуға болады (шамамен 3 минут күтіңіз). Бұйымдарды шығарып, барабанды кептіру үшін люктің қақпағын жартылай ашық қалдырыңыз. ҚОСУ / ӨШІРУ батырмасын басып, кір жуғыш машинаны өшіріңіз.

Программалар

KZ

Программалар кестесі

Жуу циклдары	Жуу циклының сипаттамасы	Ең жог. темп. (°C)	Ең жоғ. жылдамдық (айн/мин)	Жүгыш заттар			Ең жоғ. жүк (кг)	Цикл мерзімі
				Алдын ала жуу	Жуу	Кондиционер		
EVERYDAY FAST								
1	Аралас түрлі-түсті заттар 59 мин	40°	1000	-	●	●	4	59'
2	Мақта заттар 59 мин	60°	1000	-	●	●	4	59'
3	Мақта заттар 45 мин	40°	1000	-	●	●	2	45'
4	Синтетика 59 мин	(Max. 60°)	1000	-	●	●	2	59'
5	Аралас заттар 30 мин	30°	800	-	●	●	2	30'
6	Тез 20 мин	20°	800	-	●	●	2	20'
Арнайы және ішінара								
7	Спорттық киім мен орамалдар	40°	600	-	●	●	2	85'
8	Спорттық аяқ-киім	30°	600	-	●	●	Ең көбі 1 жұп	50'
9	Балалар киімі: қатты кірлеген биязы түрлі-түсті киім.	40°	800	-	●	●		
10	Шаю	-	1000	-	-	●	4	36'
11	Сығу + Ағызу	-	1000	-	-	-	4	10'
11	Тек Ағызу *	-	⌚	-	-	-	4	3'
Арналады								
12	Мамық көрпелер	30°	1000	-	●	●	1	95'
13	Жұн: жұн, кашемир және т.б. үшін.	40°	800	-	●	●	1	70'
14	Жібек/перделер: жібек пен вискозадан жасалған киімдер, іш киімдер үшін.	30°	0	-	●	●	1	50'
15	Мақта (1): қатты ластанған ақ заттар мен тәзімді түрлі түсті кірлер.	60°	1000	-	●	●	4	145'
15	Мақта (2): қатты ластанған ақ заттар мен нәзік түрлі түсті кірлер.	40°	1000	-	●	●	4	140'
16	Алдын ала жууы бар Мақта: ете қатты кірленген ақ киімдер.	90°	1000	●	●	●	4	140'

* 11 бағдарламасын таңдал, сығу циклын алып тастасаңыз, құрылғы сықтайды, тек суды ағыздады.

Дисплейде немесе осы кітапшада көрсетілген циклдин мерзімі тек шамамен берілген және ол стандартты жұмыс жағдайларына сәйкес есептеледі. Накты мерзім су температурасы мен қысымы, қолданылған жүгыш зат мөлшері, салынған кірлердің мөлшері мен түрі, жүктің теңестірілуі және таңдалған кез келген опциялар сияқты ықпалдарға байланысты болады.

Барлық сынап мекемелері үшін:

1) Жуу циклын EN 60456 стандартына сәйкес тексерілі: 15 жуу циклын 60°C температурасымен таңдаңыз.

2) Мақтадан жасалған заттарға арналған ұзақ жуу циклы: 15 жуу циклын 40°C температурасымен орнатыңыз.

Күнделікті жылдам циклдер

Ең көп қолданылатын маталарды жуып (тіпті толық жүктемемен), ең жиі кездесетін күнделікті кірлерді 1 сағатта кетіруге арналған жылдам бағдарламалардың толық жинағы.

Аралас түрлі-түсті заттар 59 мин: аралас және түрлі-түсті бұйымдарды бірге жуу үшін.

Мақта заттар 59 мин: мақта киімдерді жууға арналған цикл: негізінен ақ түсті бұйымдар үшін. Оны ұнтақ жуғыш затпен қолдануға болады.

Мақта заттар 45 мин: нәзік мақта бұйымдарды жууға арналған қысқа цикл.

Синтетика 59 мин: синтетикалық бұйымдарға арналған. Кірді кетіру қыын болса, температуралы 60° дейін көтеріп, ұнтақ жуғыш зат та қолдануға болады.

Аралас заттар 30 мин: мақта және синтетикалық маталарды бірге жууға арналған қысқа цикл: ақ түсті және түрлі-түсті бұйымдарды бірге жууға болады.

Тез 20 мин: бұл бағдарлама бұйымдарды жаңғыртып, 20 минут ішінде-ақ олардың хош иісін қалпына келтіреді.

Персонализацияланған бейімдеулер



KZ

Температураны реттеу

Кір жуу температурасын реттеу ТЕМПЕРАТУРА реттегіш көмегімен жүргізіледі («Программалар кестесін» қара.).

Температура мәні сұық суда жууға дейін төмендетілуі мүмкін (※).

Машина әрбір программа үшін көзделген максималды мәннен артық мәнді автоматты түрде жібермейді.

! Қиыс жағдай: 4 бағдарламасы таңдалса, температураны 60°C-қа дейін көтеруге болады.

Сығу реттеу

Таңдалып алынған программаның сығу жылдамдығын таңдау СЫҒУ жылдамдығын реттегіштің көмегімен жүргізіледі. Әр түрлі программалар үшін сығудың әр түрлі максималды жылдамдығы қарастырылған.

Программалар **Сығудың максималды жылдамдығы**

Мақта минутына 1000 айналым

Синтетикалық маталар минутына 1000 айналым

Жұн минутына 800 айналым

Жібек Сығусыз

Сығу жылдамдығы төмендетілуі мүмкін немесе реттегішті (⌚) қалпына бұрағанда мүлде тоқтатылуы мүмкін.

Машина әрбір программа үшін көзделген максималды жылдамдықтан артық жылдамдыққа автоматты түрде жібермейді.

Қосымша функциялар

Машинаның әр алуан кір жуу қызметтері сіздің жуатын бұйымдарының қалаулы тазалығына және ақтығына қол жеткізуге мүмкіндік береді. Қызметтерді таңдау тәртібі:

1. Өзінізге қажетті функцияның батырмасын басыңыз;
2. Сәйкес батырманың іске қосылуы функцияның активтендірілгенін білдіреді.

Ескерту:

- Таңдалған функция бағдарламаланған жуу циклымен үйлесімді болмаса, тиісті индикатор шамы жыпылықтайды және функция қосылмайды.
- Таңдалған функция оған дейін таңдалған функциямен үйлесімді болмаса, таңдалған бірінші функцияға тиісті индикатор шамы жыпылықтайды және екінші функция қосылады; қосылған опцияға сәйкес келетін индикатор шамы жаңып тұрады.

Extra Wash[®]

қолдануға болатын жағдайларда, әте кір бұйымдар үшін Extra Wash[®] опциясын қосыңыз. Осы опцияны басып, цикле барлық жуу параметрлерін автоматты түрде қайта реттеп, ұзағырақ орындалуына мүмкіндік беріңіз. Бұл опция температураны өзгертпейді, ал сығу циклін автоматты түрде ең жоғары деңгейге реттейді. Пайдаланушы сығу циклін кез келген уақытта қажетті мәнге қайта реттей алады.

Қосымша шаю

Бұл функцияны таңдағанда шаю тиімділігі жоғарылайды, кір жуғыш құрал барынша кетіріледі. Бұл құрал кір жуғыш құралдарға сезімтал терілі адамдар үшін әте қолайлы.

Energy Saver[®]

Energy Saver[®] опциясы мақта және синтетикалық бұйымдарды жуып, қуат үнемдеу арқылы қоршаған ортанды сақтауға көмектеседі. Қуат үнемдеу кезінде салқын сумен жуу циклі қолданылады, ал қүшайтілген механикалық шаралар мен су мөлшерін оңтайтын қолдану арқасында қажетті нәтижеге қол жеткізіледі. Сәл кірленген киімдерді жуу үшін қолданған жөн. Сүйиқ жуғыш зат қолданған жөн.

Кейінге қалдыру таймері

Циклді қосуды 12 сағатқа дейін тоқтата алады.

Тоқтатудың қажетті мәнінде сәйкес келетін индикатор жанғанға дейін батырманы бірнеше рет басыңыз. Бесінші рет басқанда функция өшіріледі.

ЕСКЕРТУ: ҚОСУ / ӨШІРУ батырмасын басу арқылы кейінге қалдыру мәнін азаю жағына қарай өзгертуге болады.


Жуғыш құралдар және кір бұйымдар типтері

KZ

Жуғыш құралдарды бөлгіш

Жақсы жуу нәтижесіне қол жеткізу жуғыш заттың дұрыс мөлшеріне де байланысты болады: тым көп жуғыш зат қосылса, жуу міндетті түрде тиімдірек болмайды және шынында құрылғы ішінде қалдықтардың түзілуіне және қоршаған ортаны ластауға әкелуі мүмкін.

! Қолмен жууға арналған жуғыш заттарды қолданбаңыз, себебі олар тым көп көбік түзеді. Жуғыш зат тартпасын ашып, жуғыш затты немесе жуғыш қосындыны төмендегідей салыңыз.



1-бөлік: Алдын-ала жууға арналған жуғыш зат (ұнтақ)

2-бөлік: Жуу циклына арналған жуғыш зат (ұнтақ немесе сұйықтық)

Сұйық жуғыш затты жуу циклы басталмас бұрын сөл уақыт қалғанда қио керек.

3-бөлік: Қосындылар (кондиционерлер және т.б.) Кондиционер белгіден асып кетпеуі керек.

Ескертпе: «Таблетка түрінде жуғыш зат» қолданылса, әрқашан өндірушінің нұсқауларын орындаңыз.

! Қолмен жууға арналған жуғыш құралдарды пайдаланбаңыз – қатты көбіктенуі кір жуу нәтижесін төмендетеді және машинаны қатардан шығаруы мүмкін.

Кір бұйымдарды дайындау

- Кірлерді мына жағдайларға байланысты бөлініз:
 - мата түрі/жапсырмадағы таңба
 - түстер: түрлі-түсті киімдерді ақ киімдерден бөлініз.
- Қалталарды босатып, түймелерді тексерініз.
- Құрғак кірге арналған барабанды жүктеудің ең жоғарғы нормасынан аспаңыз.

Кірлердің салмағы қандай?

- 1 ақжайма 400-500 г
- 1 жастыққап 150-200 г
- 1 асжаулық 400-500 г
- 1 монша халаты 900-1200 г
- 1 орамал 150-250 г

Абайлап жууды талап ететін бұйымдар


Спорттық киім мен орамалдар: бұл цикл барлық спорттық бұйымдардың, оның ішінде спортзалда қолданылған орамалдардың талшықтарына зақым келтірмей, оларды жууға қолайлы (бұйым жапсырмасындағы нұсқауларды орындаңыз).

Спорттық аяқ-киім: спорттық аяқ киімдерді жууға арналған; жақсырақ нәтижеге қол жеткізу үшін бір ретте 1 жұптан артық аяқ киім жумауды ұсынамыз.

Аяқ киімді барабанға салмас бұрын, олардың бауларын байлап қойғанды жөн санаймыз.

Балалар киімі: әдетте балалардың киімдерінде болатын кірді кетіруге арналған цикл, ол жуғыш заттың қалдықтарын тиімді түрде кетіреді.

Мамық көрпелер: Бір адамға арналған мамық көрпені (оның салмағы 1 кг-нан аспауы тиіс), жастықтарды немесе мамық курткалар сияқты қаз мамығы бар киімдерді жуу үшін арнайы **12** жуу циклын қолданыңыз. Мамық көрпелерді шеттерін ішке қайырып (суретті қараңыз) және барабанды 3/4 көлеміне ғана толтырып барабан ішіне салыңыз. Ең жақсы нәтижеге қол жеткізу үшін сұйық жуғыш қолданылып, жуғыш зат тартпасына құйылғаны аbzal.



Жұн: тіпті жапсырмасында «тек қолмен жуу» жазуы бар жұн киімдерін қоса, барлық жұн киімдерін **13**-бағдарламамен жууға болады. Ең жақсы нәтижеге қол жеткізу үшін арнайы жуғыш затты қолданыңыз және 1 кг кір салмағынан аспаңыз.

Жібек: жібек киімдерді жуу үшін арнайы **14**-жуу циклын қолданыңыз. Нәзік киімдерді жууға арналған арнайы жуғыш заттарды пайдаланған аbzal.

Перделер: перделерді бүктеп, жастыққапқа немесе тор сөмкеге салыңыз. **14**-жуу циклын қолданыңыз.

Кір бұйымдарды теңестіру жүйесі

Әрбір сыйғу циклынан бұрын, шамадан тыс дірілдеудің алдын алу және жүкті біркелкі түрде тарату үшін, барабан жуу кезіндегі айналу жылдамдығын сөл көбірек жылдамдықпен айналып тұрады. Егер бірнеше әрекеттен кейін жұқ дұрыс теңестірілмесе, құрылғы төмендетілген сыйғу жылдамдығында айналдырады. Егер жұқ тым теңестірілмеген болса, құрылғы сыйғу орнына тарату үдерісін орындаиды. Жұктің таралуы мен теңестірілуін жақсарту үшін кіші және үлкен киімдерді арапас салуды ұсынамыз.

Ақауларды іздеу және оларды жою тәсілдері



KZ

Кір жуу нәтижесі қанағаттандырмаған немесе ақау пайда болған жағдайларда, Авторландырылған қызмет көрсету орталығына жүгінбес бұрын («Сервистік қызмет көрсету»-ді қара.) осы бөлімді оқып алыңыз. Көптеген жағдайларда туындаған проблемаларды өзініз шеше аласыз.

Табылған ақау:

Кір жуғыш машина іске қосылмайды.

Ықтимал себептері / Жою тәсілдері:

- Аша розеткаға қосылмаған немесе нашар қосылған, түйісүмен қамтамасыз етпейді.
- Үйде электр қуаты жоқ.
- Машинаның есігі нашар жабылған.
- ҚОСУ / ӨШІРУ батырмасы басылған жоқ.
- ҚОСУ / ПАУЗА батырмасы басылмаған.
- Су беру шүмегі жабық.
- Циклді кейінге қалдыру программасы қосылған.

Кір жуғыш машина су құймайды (кір жуудың бірінші фазасының индикаторы жиі жаңып-өшеді).

- Су құйғыш шланг шүмекке қосылмаған.
- Шланг қысылып қалған.
- Су беру шүмегі жабық.
- Үйде су жоқ.
- Су құбырындағы қысым төмен.
- ҚОСУ / ПАУЗА батырмасы басылмаған.

Кір жуғыш машина суды үздіксіз құйып-төгеді.

- Су ағызу шлангі еденнен 65 см төмен немесе 100 см жоғары орналасқан («Орнату»-ды қара.).
- Су ағызу шлангінің ұшы суға батып тұр («Орнату»-ды қара.).
- Қабырғалық су ағызудың су ағызу құбыры жоқ.

Егер осы тексерулерден кейін де машина жұмыс істемейтін болса, су құбырын жауып, кір жуғыш машинаны өшіріп, Сервистік қызмет көрсету орталығына жүгіну керек. Егер су ағызу шлангі канализацияға қосылған болса, онда еісінізде болсын – жоғарғы қабаттарда «сифон әсері» пайда болуы ықтимал – машина бір мезгілде суды құйып, төгеді. Мұндай әсерді болдырмас үшін арнайы клапан орнатылады (антисифон).

Кір жуғыш машина суды ағызу мен сұғуды орындаамайды.

- Таңдалып алынған программада суды ағызу қарастырылмаған – кейбір программалар үшін суды ағызуды қолмен қосу керек.
- Су ағызу шлангі қысылып қалған немесе бітелген.
- Канализация бітелген.

Сыққан кезде қатты дірілдейді.

- Кір жуғыш машинаны орнату кезінде барабан тосқауылдан дұрыс шешілмеген («Орнату»-ды қара.).
- Кір жуғыш машина тегіс тұрған жоқ («Орнату»-ды қара.).
- Машина мен жинақ/қабырға арасындағы саңылау жеткілікті емес («Орнату»-ды қара.).

Кір жуғыш машинадан су ағады.

- Су құттын шланг нашар бекітілген («Орнату»-ды қара.).
- Жуғыш құралдарды бөлгіш жуғыш құралдардың қалдықтарына толып қалған (бөлгішті тазалау туралы «Техникалық қызмет көрсету және күтім»-ді қара.).
- Су ағызу шлангі нашар бекітілген («Орнату»-ды қара.).

Қосымша функциялар индикаторлары мен қосу / пауза индикаторы және «ағымдағы фаза» индикаторларының бірі және ЛЮК ТОСҚАУЫЛДА ТҰР индикаторы жаңып тұр.

- Машинаны өшіріп, штепсель ашасын электр розеткасынан шығарыңыз, 1 минуттай күтіп, машинаны қайта қосыңыз. Егер ақау жойылmasa, Авторландырылған қызмет көрсету орталығына хабарласыңыз.

Шектен тыс көбіктену.

- Фронталды жүктелетін автомат кір жуғыш машиналарға сәйкес келмейтін жуғыш құрал пайдаланылған.
- Кір жуғыш құрал артық салынған.

Сервистік қызмет көрсету

195132962.02

03/2017

KZ

Авторландырылған қызмет көрсету орталығына жүгінбес бұрын:

- Ақауды өз бетінізбен жоя алмайтындығыныңға көз жеткізініз («Ақауларды іздеу және оларды жою тәсілдері» қара.);
- Машинаның дұрыс жұмыс істеп тұргандығына көз жеткізу үшін программаны қайтара қосыңыз;
- Көрісінше жағдайда, кепілдік құжаттыңда көрсетілген телефон арқылы Авторландырылған қызмет көрсету орталығына хабарласыңыз.

! Авторландырылмаған қызмет көрсету орталықтарына ешқашан жүгінбеніз.

Авторландырылған қызмет көрсету орталығына хабарласу кезінде мынаны хабарлаңыз:

- акаудың түрі;
- бұйымның моделі (Мод.);
- техникалық құжаттың номері (сериялық №).

Сериялық номері мен моделі кір жуғыш машинаның артқы панелінде және люк алдында орналасқан ақпараттық табличкада көрсетіледі.

Изготовитель –

АО «ИНДЕЗИТ ИНТЕРНЭШНЛ».

РОССИЯ, 398040, г. Липецк, пл. Металлургов, 2

АО «ИНДЕЗИТ ИНТЕРНЭШНЛ».

Служба сервиса тел. (4742) 42-41-00

www.Indesit.com